



КАЗАК



ӘДЕББИЕТІ

1934 жылғы

№ 1

Ақын Асқардың шапағаты



Тоқмағамбетовтың даңқы сонау жиырмамыншы жылдардан басталды. 1934 жылы Мәскеуде М.Горькийдің қолынан Жазушылар одағының билетін алғанын жыр етіп айтып отыратын.

Әлі есімде. Сонау жетпісінші жылдың басында Асекең Жазушылар одағының облыстық бөлімшесінде консультант болды. Облыстық «Ленин жолы» газетінің бір бөлмесі Асекеңе тиді. Мен қарсы бөлмеде – мәдениет, әдебиет бөлімінің әдеби қызметкерімін.

Күн құрғатпай Асекеңе бір кісі келеді. Жұпыны сақал, мұрты ағарған, жұқалтаң кісі. Кейін таныстық, бұл ақын Қуаныш Баймағамбетов екен. Алғаш Жазушылар одағының мүшесі болған, Сыр сүлейлерін жырлаған, талай айтысқа қатысқан шаң жұқпас Қуаныш ақын ұстазы екенін, соңына еріп, өлең-жырын тыңдағанын Асекең жыр етіп айтумен кетті. Қазір елді мекендерде ақын Қуаныш атында бірнеше көше, туған жері – Аманкелдіде, Тасбөгет кентінде екі мектеп бар.

Бір күні редакцияға Қуаныш аға келді. Жүзі солғын, жүдеу тартқан – қазір жалғызбын, кемпірім о дүниеге аттанып кетті. Балалар жалданған үйде тұрады. Мен солардың ортасындамын. Мұңымды Асқарға айтайын деп едім. Тауып берші, кездестірші, балам? – деп жасаураған көзін сұртті. – Қазір, – деп Асекеңді бөлмесінен таптым. Қуаныш атаны ертіп Асекеңе кірдім.

– Сен кетпе, Асқарға айтқан мұнымды тыңда, жазып ал, кейін керек болады. Біз қашанғы жүрер дейсің. Біз өмірден озған кезде естелік жазасыңдар, әлі!

– Асқар, өзің білесің, елден қалаға көшіп келгеніме біраз болды ғой. Балалардың үйі мүлдем тар. Қалалық кеңеске талай бардым, үй сұрап арыз да жаздым. Барсам бәрі шекесінен қарайды. Қалалық кеңестің төрағасы Ж.Берденовке де кірдім.

– Ым... Ақын Қуанышпын дейсіз бе? Ақындарды түгелдей үймен қамтамасыз ету қиын шаруа. Кезекке қоямыз. Мүмкін болған кезде хабарласамыз, – деп бөлмесінен шыққанша ғана жылы қабақ танытқанмен, жылы сөз естімей құлазып шықтым. Қартайғанда қадірдің кеткені жаман екен!..

– Берденов солай деді дейсіз ғой, – деп ақын Асқар ашулы күйде орындығынан тұрып, олай-бұлай жүрді. Үстеліне қайта отырды. Редакция арабша білетін Сара Қарабалаева есімді бір ғана машинистка бар еді, Асекең сол кісіні шақыртып, «Берденовке хат» деген өлеңін бастырды. Бір данасын мен алдым, бір данасын суыт Ж.Берденовке поштамен жөнелтті.

– Қуеке, ренжімеңіз. Қалалық кеңестің төрағасына арнау өлең жазып, жөнелттім. Ж.Берденовтің жаны екеу емес шығар, өлеңді оқыған соң хабарласады, бәлкім, сізді өзі іздейтін болар...

Сол өлең былай жазылып еді.

«Жабәк Берденовке хат»:

*Бұл ақын сыйынған бір пірім еді,
Түсіме талай түндер кіріп еді.
Өлең-жырдың әруағын қолына ұстап,
Ақырын арыстандай тұрып еді.*

*Енді міне, қартайып, көзі көрмей,
Өзі кірген жеріне сөзі кірмей.
Қалбалақтап қалыпты-ай, бала болып,
Ет пен жақтың қуарып өңі кірмей.*

*Сыр бойының сүлейін дүрілдетіп,
Қара қылды қақ жарған тіліп өтіп.
Жазған ақын мінеки, алдыңда тұр,
Қарындары қабысып бүрі кетіп.*

*Алдыңда тұр, Қуаныш ақын ағаң,
Орақ тілді, өр-өжет батыл ағаң.
Тіршілікте таба алмай бір баспана,
Есігінде біреудің жатыр ағаң.*

Жібермейік ақынды жалтақтатып,

Жібермейік ақынды жан сақтатып.

Ақын өлер, ақынның өлеңі өлмес,

Жібер қайта шабытын шалқақтатып!

Сәлеммен, Асқар.

Ақын құдіреті! Бір кезде ақын Асқарды соңына ертіп жүріп, өлең-жырдың додасына түсірген ақын Қуаныш еді бұл. Енді еш жерге сөзі өтпей, баспанасыз жүргені Асекеңе қатты батқандай еді. Бірер күннен соң Асекең Ж.Берденовке телефон соғып, істің насырға шаппай тұрғанында ақын Қуаныштың өтінішін орында! – деп тағы шегеледі. Жалмауызға да жан керек, ақын Асқардың ашуы қоюланбай тұрғанда құтылайын деді ме, қаланың қақ ортасынан ақын Қуанышқа екі бөлмелі үйдің ордерін табыс етті. Ақын қуанды. Сол үйден мәңгілік сапарға аттанғанда Асекең ағыл-тегіл тебіреніп, жүрегі езіліп арнау өлең оқып еді-ау?!

Ақын Асқар мен Қуаныш Сыр елінің мақтанышы. Ақын Асқар атында үлкен кеңшар, Қызылорда қаласында мәдениет үйі, ескерткіш, даңғыл көшелер бар. Қуаныш ақынның да есімі ұмытылмайтындай жалғасқан із бар. Асылы, ақынын сыйлаған ел азбайды, тозбайды.